

ҚАРАЛДЫ:

Қарағанды облысы білім басқармасының Теміртау қаласы білім бөлімінің «Кораблик» бөбекжайы» мемлекеттік қазыналық кәсіпорны әдістемелік кеңесте қаралды

Әдіскер Л.Кудинова
«17» маусым 2024ж

БЕКТЕМІН:

Қарағанды облысы білім басқармасының

Теміртау қаласы білім бөлімінің

«Кораблик» бөбекжайы»

коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының

директоры М.Ткачева
2024 ж.



Қарағанды облысы білім басқармасының
Теміртау қаласы білім бөлімінің «Кораблик» бөбекжайы»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОБА

Тақырыбы:

«Салт-дәстүр- тәрбие негізі»

Автор: қазақ тілі мұғалімі

Р.Қабдымананова,

бірілескен автор: К.Шүлембаева

Теміртау– 2024

Протокол № 1
заседания Методического Совета
КТКП «Ясли - сад «Кораблик»

от «27» августа 2024 г.

Присутствовали:

М.А. Ткачева, директор ясли-сада,

Члены Методического Совета

1. Л.Н. Кудинова – методист (председатель);
2. Н.А. Шиляева – педагог – психолог;
3. Ю.Н. Гаврикова – воспитатель;
4. С.Ю. Коростелева – воспитатель;
5. Л.Ю. Ивахова – воспитатель;
6. Е.Е. Ившина – воспитатель;
7. Р.Т. Кабдымананова – учитель казахского языка;
8. Е.В. Овсянникова – учитель-логопед.

Повестка дня

1. Утверждение Вариативных образовательных программ на 2024-2025 учебный год: «Экознайка», «Интеллектум-балабакша», «Веселая мозаика».
2. Утверждение педагогического проекта «Салт – дәстүр – тәрбие негізі»

Слушали:

1. Председателя Методического Совета методиста Л.Н. Кудинову. Она представила Методическому Совету разработки Вариативных образовательных программ на 2024-2025 учебный год «Интеллектум-балабакша», «Веселая мозаика», «Экознайка».

Воспитателя Л.Ю. Ивахову, которая отметила, что Вариативная образовательная программа «Экознайка» стимулирует познавательную деятельность детей; содействует развитию компетенций, необходимых для интеллектуального развития личности; формированию последовательного поисково-логического мышления, способности к анализу нестандартной информации.

Педагога-психолога Н.А. Шиляеву, которая заострила внимание на том, что Вариативная образовательная программа «Интеллектум-балабакша» способствует созданию заинтересованности

воспитанников, повышает их умственную активность, процесс мышления протекает быстрее, новые навыки усваиваются оперативнее, что повышает эффективность воспитательно-образовательного процесса.

Воспитателя Е.Е. Ившину. Она отметила, что Вариативная образовательная программа «Веселая мозаика» направлена на формирование и развитие таких ключевых навыков, как мелкая моторика, сенсорное восприятие, логическое и творческое мышление, а также социальная и эмоциональная компетентности.

Воспитателя Гаврикову Ю.Н., которая отметила актуальность педагогического проекта «Салт – дәстүр – тәрбие негізі» в рамках реализации единой программы воспитания «Виртуас тәрбие». Актуальность данного проекта непосредственно связана с необходимостью повышения уровня владения казахским языком у детей, говорящих на русском. Несмотря на наличие программ и методических материалов, зачастую наблюдается пассивность в изучении языка, что связано с отсутствием мотивации и соответствующей языковой среды. Интеграция этнокультуры в образовательный процесс может стать тем толчком, который приведет к активному интересу детей к казахскому языку.

Постановили:

1. Рекомендовать к утверждению директором КТКП «Ясли-сад «Кораблик» М.А. Ткачевой Вариативных образовательных программ на 2024-2025 учебный год «Интеллектум-балабакша», «Веселая мозаика», «Экознайка».
2. Рекомендовать к согласованию в ГУ «Отдел образования г. Темиртау» утвержденные Вариативных образовательных программ на 2024-2025 учебный год: «Интеллектум-балабакша», «Веселая мозаика», «Экознайка».

3. Утвердить педагогический проект «Салт – дәстүр – тәрбие негізі» и рекомендовать учителям казахского языка Кабдыманановой Р.Т. и Шулембаевой К.К. его к работе.

Председатель
Методического Совета



Кудинова Л.Н.

Секретарь:



Ившина Е.Е.

Мазмұны

1.Кіріспе.....	1 – 3бет
2. Жобаның негізгі мазмұны	
2.1. Шағын жобаны іске асыру.....	4 бет
2.2. Перспективалық жоспар.....	5- 9 бет
2.3. Қазақ тілі сабағы – ұлттық тәрбие құралы.....	10 - 11бет
2.4. Балалар әдебиетін жасаған –халық.....	12бет
2.5. Халық даналығына баулуда мақалдар мен мәтелдердің тәрбиелік мәні.....	13бет
2.6. Бала тілін дамытуда жаңылтпаштың тәрбиелік ролі.....	14бет
2.7. Жұмбақтар.....	14бет
2.8. Халық педагогикасы .	15-16бет
2.9. Салт-дәстүр.....	17-20бет
2.10. Диагностика.....	21 бет
3Глоссарий.....	22бет
4. Әдебиет	23бет
5. Қосымша	
5.1. Сабақ үлгілері . Бесікке салу.....	24-25 бет
5.2. Ат қою.....	26-29 бет
5.3.У бабушки в гостях.....	30-32 бет
5.4.Ашамайға мінгізу.....	33-34 бет
5.5. Суреттер.....	35-36 бет.

КІРІСПЕ

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы
2. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі №151 заңы
3. Қазақстан Республикасы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздер туралы» 2012 жылғы 28 маусымдағы № 23-V заңы. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, ҚР Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығы
4. Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 ҚРҰҚ
5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы, ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы сәйкес жасалды.

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан» Жолдауында: «Біз бүкіл еліміз бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізуіміз керек» деп көрсеткендей қоғамдағы өзгерістер мектепке дейінгі білім беру жүйесіне де елеулі жаңалықтар әкелді. Осы сұраныстарға жауап беретін, баланың жан-жақты дамуына жоғарғы деңгейде әсер ететін технологияны таңдау міндеті тұр. Бүгінде білім беру үрдісіне қатысушылардың барлығы да (ата-аналар, педагогтар т.б.) баланың эмоциялық және танымдық дамуын мақсатты бағытты ықпал ете отырып, ұлттық мәдени құндылықтар арқылы этникалық өзіндік санасын ояту негізінде айналадағы үлкендермен, құрдастарымен қатынас орната білуін қалыптастыру қажеттігін саналы түсінеді. Шамасы, мұндай ықпал құрғақ моральдандыру сабағының формасында емес, баланың жетекші қажеттіліктеріне, жоғары дәрежедегі белсенділік, бастамашылдық, білуге құштарлықтары сияқты жас ерекшеліктеріне сүйеніп іске асуы керек. Балалық шақ баланың жеке тұлға болып қалыптасуының алғашқы сатысы. Тәрбиенің ең алғашқы бастамасын бала өз отбасынан алса, жалғасы балабақшамен байланысады, яғни бала тәрбиелене отырып білім алады.

Мектеп жасына дейінгі балаларға ұлттық тәлім-тәрбие беру мәселесімен айналысатын республикадағы педагогика ғылымы салт-дәстүрлерді, фольклорды әдіс ретінде белгілейді. Ал шын мәнінде, осының барлығы балаларды жалпы адамзаттық құндылықтарға баулудағы тұлғасының тұтастай және үйлесімді дамуын олардың ұлттық өзіндік санасын қалыптастыру арқылы іске асырудағы құрал болып табылады. Бұл оқу дағдыларын меңгеру үрдісін қиындататын объективті себептердің бар екендігін, ал балалармен жүргізілетін оқу сабақтары оның : мүмкіндіктеріне сәйкес ұйымдастырылуы қажеттігін білдіреді. Балалардың шығармашылық қиял-қабілеттерін, эстетикалық сезімін, талғамы мен көзқарасын, мәдениетін, ой-өрісін кеңейтіп, ана тілде сөйлеп, сөз өнеріне, айнала-қоғам және өзін қоршаған орта өміріндегі әсемдікпен сұлулықты сезініп , бойына сіңіре білуге тәрбиелеуде ауыз әдебиеті жанрлары орасан зор рөл атқарады. Олай дейтініміз көркем шығарманың қайнар бұлағы – халықта. Сондықтан да оның тәрбиелік нәрі туралы сөз қозғағанда , алдымен фольклор ауызға алынады. Қазіргі заман талаптарына сай

жеке тұлғаның эстетикалық мәдениетін қалыптастыруда балалар фольклоры жанрларын пайдалану басты мәселелердің бірі. Оны қалыптастыру – өте күрделі де ұзақ үрдіс, яғни балалардың бойында бірден қалыптаса қоймайды деген сөз. Сондықтан да ол сәбидің дүние есігін алғаш ашқан күндерінен басталуы тиіс. Осы тұрғыда балалардың эстетикалық мәдениетін дамытуда қазақ фольклор жанрын пайдаланудың маңызы зор. Балабақша топтарында өткізілетін қазақ тілі, ән сабақтарында балаларға арналған бесік жырлары, тұрмыс-салт, әндері мен жырлары, өлеңдер неғұрлым көбірек қамтылса жас жеткіншектердің бойында соғырлұм өзінен кішілерге деген мейірімділік, бауырмалдылық ата-анаға, жасы үлкендерге деген ізет, сыйластық, жалпы адамгершілік сезімдері оянып, оқу – білімге, өнерге деген құштарлық, әсемдікке, сұлулыққа, мәдениетті болуға деген ұмтылыс арта түседі яғни балалар аманатты, рухани қазына – ұлттық салт – дәстүріміз бен әдет-ғұрыптарымызды қастерлеуге тәрбиелейді. Өз елінің тілін, дінін, рухани мәдениетін білген адам, біртіндеп әлемдік мәдениетті үйренеді. Ендеше, бұл қасиетті бесік тербеткен ананың әлдиімен, әженің ертегісімен, отбасында айтылып отыратын мақал-мәтел, жұмбақ, аңыз-әңгімелерімен бала бойына дарытылып, сол арқылы ата-бабаларымыздан қалған асыл мұраға деген сүйіспеншілікке тәрбиелейді. Білімділік, дамытушылық, тәрбиелеу мақсаттарына сүйеніп бүлдіршіндердің тілді үйренуге деген қызығушылығының артуына, жеке тұлға ретінде қалыптастырып, шығармашылық қабілетін дамыту, өз елінің мәдениеті мен тарихына деген ықыласын оята отырып балалардың отаншылдық сезімін және баланың бойында имандылық, адамгершілік қасиеттердің қалыптасуына осы тақырыптың ықпалы өте зор.


МАҚСАТЫ: Балаларды халық педагогикасымен таныстыра отырып білімдерін кеңейту, рухани дүниелерін байытып, ұлттық құндылықтарды бағалауға тәрбиелеу және қазақ тілінде тілдік құзыреттілігін қалыптастыру.

МІНДЕТТЕРІ:

1. Балаларды қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыру
2. Балаларды жалпы адамзаттық құндылықтарға баулу
3. Ұлттық тұлға ретінде қалыптасуын нығайту
4. Халқымыздың мәдени-тарихи дәстүрлері негізінде тәрбиелеу
5. Әр баланың интеллектуалдық қабілеттері мен шығармашылығын дамыту
6. Балалардың сөздік қорын белсенді етіп, байыту
7. Ауыз әдебиеті үлгілерін қолдана отырып, өз елінің мәдениетімен тарихына деген ықыласын ояту.
8. Баланың ойлау, қиялдау қабілеттерін және ақыл-ой қызметін игерту
9. Еліміздің тарихын жақсы білуге қызығушылықтарын ояту, ой-өрісін кеңейту
10. Тілді үйренуге сүйіспеншілігін арттыру.

Күтілетін нәтиже: Балалар қазақтың салт-дәстүрімен танысады, жалпы адамзаттық құндылығы мен ұлттық тұлғасы қалыптасады, халқымыздың мәдени-тарихи негізінде тәрбиеленеді, интеллектуалдық қабілеттері мен шығармашылығы дамиды, ақыл-ой қызметін игереді, халық педагогикасын білуге қызығушылығы оянады, ой-өрісі кеңейеді, тілді үйренуге сүйіспеншіліктері артады, сөздік қоры молаяды.

2.1. Шағын жобаны іске асыру



ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

№	Тақырыбы	Өткізілетін уақыты	Мақсаты	Ескерту
1	Амандасу салты		Балаларды амандасу рәсімімен таныстыру, жаңа сөздерді үйрету, үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге тәрбиелеу, бауырмалдылыққа, кішіпейілдікке баулу.	
2	Айжанға қонаққа келдік		Балаларға қазақ халқының қонақжайлығы туралы айтып, білімдерін толықтыру. Әдептілікке, сыпайылыққа, тәрбиелеу, қазақ тілін үйренуге қызығушылықтарын арттыру.	
3	Дүниеге сәби келді Сүйінші		Бөбекке деген сүйіспеншіліктерін қалыптастыру, қуанышты хабарды қалай айту керектігін айтып, қызығушылықтарын туғызу.	
4	Шілдехана-Бесік той		Халқымыздың салт-дәстүрімен таныстыра отырып, балалардың эстетикалық білігін дамыту, адамгершілік сезімін арттыру.	
5	Бесік – тәрбие бастауы		Балаларға бесік туралы түсінік беру, неден жасалғанын, неге қолайлы болған, бесіктің жабдықтарымен таныстыру.	
6	Бесік жырлары		Баланың есту қабілетін дамыту, ән-әуенге әсерлендіру, бесік жыры арқылы ананың балаға деген махаббатын жеткізу және сүйіспеншілігін арттыру.	
7	Балаға ат қою		Балаларға халықтың ұлттық ерекшеліктерін, таным-түсініктерін, ой-армандарын білдіру, балаға мағына бойынша ат қоя білу. Тіл байлықтарын байыту.	
8	Қырқынан шығару		Балалардың білуге деген құштарлықтарын арттыру, білімдерін, ой-өрістерін кеңейту, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.	
9	Өлең-тақпақ		Балаларға тақпақтар жаттату арқылы тіл мәдениеттерін жетілдіру, мәнерлеп оқуға үйрету, есте сақтау қабілеттерін дамыту, тілді үйренуге қызығушылықтарын арттыру.	
10	Тұсау кесу		Бала қаз тұрып, тәй-тәй басып жүре бастаған кезде жасалатын салт-дәстүрмен таныстыру. Батылдыққа, инабаттылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу, алғаш еңбек әрекеттерін қалыптастыру.	
11	Қуырмаш ойыны		Сәби көңілін көтеру жағымды көңіл-күй қалыптастыру. Саусақтардың халықтық	

			тұрғыдағы атауларын үйрету. Еңбек туралы түсініктерін қалыптастыру.	
12	Қонақ күту дәстүрі		Балалардың бойына ұлттық адамгершілік қасиеттерін енгізу. Қонақжайлылық дәстүрін балаларға меңгерту, қонақ болу әрекеттерін ойын арқылы жеткізу.	
13	Атқа мінгізу тойы		Ұл баланы имандылық тәрбие арқылы азамат болуға тәрбиелеу, еңбекке баулу арқылы азамат болғанын таныту, балаға үлкен ой туғызу, есеюіне ықпал ету.	
14	Бата тілектер	-	Балаларды бата беру арқылы ізеттілікке, адамгершілікке, шешендікке, имандылыққа, әдептілікке тәрбиелеу. Бата жасау түрлерін меңгерту. Қазақ тілінде тілек айтуға дағдыландыру.	
15	Жұмбақ шешу		Балалардың ой-қиялдарын, есте сақтау қабілеттерін дамыту, жылдамдыққа, шапшаңдыққа баулу, тілді үйренуге қызығушылықтарын арттыру, сөздік қорларын байыту.	
16	Қасиетті сан		Балаларды сұрақтарға жауап беруге, қазақ тілінде санай білуге және қасиетті сандардың мән-мағынасын түсініп, білуге құштарлықтарын арттыру.	
17	Ұлттық ойындар		Балалардың ой-өрісін кеңейту, қиялын қанаттандыру, ана тіліміздің байлығын меңгеру. Балаларды шымырлыққа, икемділікке, тапқырлыққа, ептілікке тәрбиелеу.	
18	Мақал-мәтелдер		Мақал-мәтелдердің мән-мағынасын түсіндіріп, балаларды адамгершілікке, кішіпейілдікке тәрбиелеу. Отансүйгіштік сезімдерін ояту, есте сақтау қабілеттерін дамытып, тілдерін ұстарту.	
19	Ұлттық киімдер		Қазақ халқының ұлттық киімдерімен таныстыру арқылы ұлттық сезімдерін дамыту, сұлулыққа, әсемдікке тәрбиелеу. Ұлттық киімге деген қызығушылықтарын арттыру.	
20	Тыйым сөздер		Тыйым сөздермен таныстырып, түсіндіру, балалардың білімдерін бір жүйеге келтіру, рухани байлықтарын кеңейту.	
21	Әсем ою-өрнектер		Балалардың ұлттық ою түрлерімен таныстыру арқылы әсемдікке, шеберлікке, қол өнеріне деген құштарлықтарын арттыру.	

			Сөз тіркесін құрастырып білімдерін көтеру.	
22	Қазақтың баспанасы-киіз үй		Қазақтың баспанасы - киіз үйдің құрылысымен таныстыру. Киіз үйдің неден жасалатынын, қадір-қасиетін әңгімелеп беру, мақал-мәтелдер жаттатып, тілдерін ұстарту.	
23	Қазақтың үй жиһаздары		Киіз үйдің ішіндегі үй жиһаздарымен таныстырып, олардың неден, қалай жасалатынын әңгімелеп беру. Сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.	
24	Асық ойыны		Балаларға асық ойындарының адамның ой-өрісіне, денсаулығына пайдасын, маңызын түсіндіріп, әңгімелеп беру. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын туғызу.	
25	Аяулы анашым		Өмірдегі ең аяулы адам жайында ән-жырлар айтқызып, балаларды үлкенді сыйлауға, мейірімділікке тәрбиелеу, сөздік қорларын байыту.	
26	Армысың Наурыз!		Балаларға күн мен түннің теңелетінін, қардың еріп, көктің шыға бастайтын кезі туралы түсіндіру. Елдің салт-дәстүрін сыйлай білуге тәрбиелеу. Наурыз көжеге қосылатын жеті түрлі тағамдарды атап, қасиетті тағамның маңыздылығын айту.	
27	Наурыз жырлары		Наурыз мейрамында айтылатын жырлардың мағынасын түсіндіріп, жаттап алу қабілеттерін арттыру. Сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.	
28	Қазақтың ұлттық тағамдары		Балаларға ұлттық тағамдардың жасалу жолдары жөнінде түсінік беру. Халықтық салт-дәстүрлерді бойына сіңіру, қонақжайлықты үлгі ету.	
29	Зергерлік бұйымдар		Ұлттық зергерлік бұйымдармен таныстыру арқылы шеберлікке, әсемдікке тәрбиелеу. Бұйымдардың неден жасалатыны жайлы түсінік беру. Өнерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Сөздік қорларын байыту.	
30	Ұлттық ыдыс-аяқтар		Балалардың ұлттық дүниетанымын, рухани байлығын кеңейту. Ұлттық ыдыстардың түрлерімен таныстырып, тіл байлықтарын байыту. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.	
31	Домбырасыз ән қайда?		Балаларға ұлттық аспаптар жайлы мағлұмат беру. Ұлттық аспаптар арқылы балалардың сұлулық сезімдерін өркендету, өнерді құрметтеуге тәрбиелеу	
32	Төрт түлік		Төрт түлік малдың қасиетін, адамға пайдасын	

	малдың қасиеті		әңгімелеп беру, аттарын атау, қысқа өлең-тақпақтар жаттату, білімдерін бір жүйеге келтіру	
33	Тілашар тойы		Баланы мектепке дайындау арқылы білім алу дағдыларын дамыту. Өзі туралы, мектеп тақырыбында әңгімелей білуге үйрету. Мектепте оқып үйренуге деген сүйіспеншіліктерін арттыру.	
34	Менің отбасым		Отанды сүю-отбасынан басталатының түсіндіріп, отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру, үлкенге құрмет, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу.	
35	Менің досым		Балалардың досы туралы жылы сөздер лебіздер айтуға үйрету, көңіл –күйін көтеру, қуанышқа бөлеу. Адамгершілікке, достыққа тәрбиелеу.	
36	Ойын санамақ		Балаларды ойната отырып санамақты жаттату, шапшаңдыққа баулу. Білімдерін бір жүйеге келтіру, тілді құрметтеуге тәрбиелеу.	

2.3. Қазақ тілі сабағы – ұлттық тәрбие құралы

Тіл – рухани байлығымыздың қайнар бұлағы. Тіл алтын қазына. Ендеше тілді қорғау – ұлттық мүддеміз. Бүгінгі таңда тілді меңгерту ең өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Көп ұлтты республикамыздың жағдайында тілді меңгерту, мемлекеттік тілде сөйлету оңай іс емес екендігі белгілі.

Сонымен бірге орыс балалар бақшасында қазақ тілін оқытып үйрету, білім берудің ұлттық-этнопсихологиялық мәселелері де ескерілуде. Ал бүгінгі күні мектеп жасына дейінгі балалардың сөзге қызығушылығы, сөйлеу үлгілерінің іргетасы осы балалық шақтан қаланатыны ескеріліп, балалардың тіл үйренуге қызығушылығын арттыру, тіл мәдениетін жетілдіру, тілге тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру, сөз үйрете отырып, сөздік қорларын байыту, байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру мақсаты алға қойылады.

Байланыстырып сөйлеу әдісінің ең тиімді, ұтымды екенін айта келе сөйлеу барысында сөз тіркесі сөйлем арқылы ғана қолданылатын, яғни балаларды байланыстырып сөйлеуге жаттықтыру – олардың тілімен бірге, ойын да дамыту деген сөз.

Балалардың күнделікті сабақтардан алған білімдерін бекіту, сөздік қорларының белсенділігін арттыру, қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейту, қарым-қатынас құралы ретінде пайдалану жолдарын іс жүзінде меңгерту әдіс-тәсілдері көрсетіледі. Қазақ даналығында «Тіл – ұлттың жан дүниесі, сезімнің, ойдың жанды көрінісі» деп тегін айтпаса керек. Өзге ұлт өкілдері балаларына тіл үйретудің қиындығы мен қызығы да осы шақтан басталады.

Тәрбие мәселесі барлық сабақтарда да өз дәрежесінде қаралуы қажет. Әсіресе ұлы бабамыз Әбу Насір әл-Фарабидің өзі «Тәрбиесіз берілген білім апат әкеледі» деген. Олай болса, «Тәлім сөз – тәрбие құралы» деген нақыл сөз өмірден алынған шындық екені белгілі. Сондықтан да болар, халық тәрбиесі ұрпақтан – ұрпаққа ғасырлар бойы жалғасып келеді. Егер біз адамды адам еткен еңбек десек, сол еңбекті балаға үйретіп, ұлттық қасиетке баулып, жол сілтейтін, тіршілігінің өзіндік ерекшеліктерінен туындаған салт – дәстүрлер, әдет-ғұрыптары мол. «Атадан бала тусайшы, ата жолын қусайшы» дегендей, атадан балаға жалғасып келе жатқан жақсы қасиеттерін келер ұрпаққа сіңіріп, ізгілікке тәрбиелеуді мақсат тұтқан. Ұлттық тәлім-тәрбие халықтық педагогика негізінде беріліп, жүзеге асады. Ал ұлттық тәрбие алған ұрпақ дені сау, білімді, ақылды, адамгершілігі мол, иман жүзді, сұлу да сымбатты, халқын, елін, туған жерін, оның табиғатын сүйетін ұлтжанды, ата-бабамыз армандаған «Сегіз қырлы, бір сырлы» азамат болып өседі.

Ұлттық тәрбие халық тәрбиесі ұғымымен байланысты. Ұлттық тәрбиенің негізі оның адамзат қоғамындағы қазіргі уақытта белгілі қасиеттерінен туындайды.

Ұлттық тәрбие берудің мақсаты ұлттық мәдениетті сақтау және дамыту, патриоттық тәрбие беру, тұлғаның жоғары адамгершілік қасиетін тәрбиелеу, ғылыми дүниетанымын қалыптастыру, ұлтаралық мәдени даму мен қалыптасуды өзге ұлттар ерекшеліктерімен жақындастырумен ашылады.

Бүгінгі ұрпақтың азамат болып қалыптасуы оның туған ұясына, оқыған, өскен ортасына, көрген тәрбиесіне тікелей байланысты.

Тәуелсіз мемлекетіміздің болашақ тізгінін ұстар азаматтары – бүгінгі балабақша тәрбиеленушілері мен тәрбиешілер қауымы, осы орайда елбасы Н.Ә.Назарбаевтың халыққа арнаған жолдауындағы жеті басымдықтың бірі қазақ халқының сан ғасырлық дәстүрін, тілі мен мәдениетін сақтап, оны түлетуді ұлан ғайыр жасалар жұмысының ұстанымы етіп отыр.

Ұлттық тәрбиеде ұлылық бар. Олай дейтін себебім, бүгінгі озық ойлы педагогтардың тәрбие жөнінде айтқан қисынын ата-бабамыз ертеде-ақ қиыстырып кеткен.

19-20ғ/да өмір сүрген ұлы қайраткерлер Ш. Құдайбердиев, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М.Жұмабаев, Ж. Аймауытовтар да бала тәрбиесінде халықтың салт-санасы, әдет-ғұрпы, дәстүрлері, ұлттық ойындар, қазақ тілінің атқаратын маңызын атап көрсетіп, және оны қалай іске асыру керектігі үшін тер төгіп, еңбек еткен.

Дене тәрбиесі еңбек, әртүрлі ұлттық ойындар, қозғалыстар арқылы іске асырылса, жан тәрбиесі үлкендердің ақыл-кеңесінен, ертегілер, мақал-мәтелдер арқылы бойға сіңеді.

Әрбір тұлғаның тәрбиесі отбасынан басталады. Әрине, отбасы – белгілі бір ұлт өкілдерінің ошағы. Ондағы тәрбие сол ұлттың игі іс-әрекеттері арқылы әдеп-ғұрыпқа айналып, ол әдеп болып негізделеді: әдеп ұлттық қолданысқа айналса, оны халық салт дейді де, салт ұлттық санаға сіңсе, оны салт-сана деп ұлттық мәдениеттің сәулеті ретінде ұлттық болмыстың мәнінде өмір қолданысына айналдырды.

Еліміздің жаңа ұрпақтарын жаңаша оқыту мен бірге ұлттық рухани тәрбие беру мәселесін жүзеге асыру қазақ тілінен сабақ беріп жүрген мұғалімдер қауымына үлкен жауапкершілік жүктейді. Қорыта келгенде, бүгінгі талап қазақ тілі сабақтарын оқыта отырып балалардың санасына туған халқына деген құрмет пен мақтаныш сезімін қалыптастыру, ұлттық рухты сіңіру.

2.4. БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІН ЖАСАҒАН –ХАЛЫҚ.

Халық ауыз әдебиеті–халықтың ұрпақ тәрбиелеудегі ғасырлар бойы сыннан өткен тиімді әдіс –тәсілі, шығармашылық тәжірибенің жиынтығы. Балалар ауыз әдебиетін жасаған халық. Халық ең алғаш өзінің жақсы ойын, тәтті қиялын, өлең етіп, ән етіп баласына арнаған. Баланы жұбату, ойнату, тәрбиелеу оның алдына неше түрлі тілек мақсаттар қою өлеңмен, жырмен, көркем сөзбен айтылған. Сондықтан ауыз әдебиетін балалар сүйіп оқиды, қызыға тындайды.

Балалардың жас ерекшеліктеріне сай:

1.Бөбекті ұйықтату.

2.Жылағанда жұбату.

3.Тұсау кесу.

4.Айналадағы өмірмен таныстыру.

5.Жыл мезгілдермен,өзін қоршаған ортамен таныстыру.

6.Дұрыс та анық сөйлеуге жаттықтыру.

7.Ақыл-ойын дамыту.

8.Қорытындысында барлық ізгі қасиеттерді бала бойында қалыптастыру.

Балалар әдебиеті–әдебиеттің өскелең бір саласы. Оның өзіндік өсу, өркендеу жолдары бар.

Балалар әдебиеті тәлім-тәрбие, білім беретін, өмір оқулығына айналды. С.Сейфулинше айтқанда балаларға арналған поэзия бесік жырынан басталады. Санамақ, Жаңылтпаш, Тұсау кесу жырлары, Мақал-мәтелдер, Ертегілер бала жасынан естіп көкіректе тоқып жүретін шығармалар болу керек. Жас балаларды бірлікке, адамгершілікке, имандылыққа, еңбекке т.б.ең озық ізгі қасиеттерге баулу.

«Өнер алды –қызыл тіл» деп Абай айтқандай балалар әдебиетіндегі басты мәселе тіл шеберлігі. Сондықтан балаларды өзінің ана тілін жетік білуге, сөздік қорын байытуға, шебер сөйлеуге, сөйтіп ана тілін сүйе білуге баулайтын көркем құрал болып табылады.

2.5. ХАЛЫҚ ДАНАЛЫҒЫНА БАУЛУДА МАҚАЛДАР МЕН МӘТЕЛДЕРДІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Әр халық өзінің тарихын жалғастыратын жас ұрпағын адалдыққа, адамгершілікке, мейірбандыққа үндеп отырады. Бұл ретте ғасырлар бойы қолданылып, сұрыпталып, тұрмыс, өмір тәжірибесі сынынан өткен салт-дәстүрі мен халықтық тәрбие басшылыққа алынатыны мәлім.

Қазақ халқының бала тәрбиесі жөнінде атам заманнан бері жиып-терген мол тәжірибесі бар. Халқымыз оны ең жақсы деген қасиеттермен байытып, ұл—қыздарының бойына дарытып отыруға тырысқан.

Халық мақалдары мен мәтелдері-біріншіден, баға жетпес тәрбие құралы болса, екіншіден, адамның сөз байлығын арттырады, терең, шешен сөйлеуге жаттықтырады. Сөзді сөйлей бергеннің бәрі шешен еместігін ұқтырып белгілі бір талаптар қояды. Сөз тас жарады, тас жармаса, бас жарады», «Жақсы сөз-жарым ырыс», дейді халық даналығы. Мұндай мақал-мәтелдер жас жеткіншектерді сөз қадірін білуге, мейірбан, кенпейіл, сезімтал болуға, жақсы мен жаманды, қас пен досты ажырата білуге баулиды.

Мақал-мәтелдердің мағынасы терең, сөзі ұтымды, көркем, есте сақтауға жеңіл болғандықтан және тәрбие ісінде ерекше роль атқаратындықтан балалар әдебиетінен үлкен орын алады.

Мақал-мәтелдердің тақырыбы сан-алуан: білім, оқу туралы, тәлім-тәрбие туралы, жақсылық, жамандық, достық, бірлік туралы.

«Өнер алды –қызыл тіл» деп Абай айтқандай балалар әдебиетіндегі басты мәселе тіл шеберлігі. Сондықтан адам өзінің ана тілін жетік білуге, сөздік қорын байытуға, шебер сөйлеуге, сөйтіп ана тілін сүйе білуге баулайтын көркем құрал. Халқымыздың асыл мұрасын болашақ ұрпаққа жеткізу, олардың бойына дарытуда қазақ тілі мұғалімдерінің атқаратын рөлі өте жоғары. Сабақта тәрбиелік мәні терең мақал-мәтелдерді тақырып мағынасына сай пайдаланса, балалардың ой-өрістері өсе түсері сөзсіз.

Халықтық педагогиканы орынды пайдалану, балалардың қызығушылықтарын арттырып, ұлттық санасын оятып, жүрегіне жол табады. Халық педагогикасының мақсаты: балаларды адал еңбекке, парасаттылыққа, туған еліне деген сүйіспеншілікке, туған –туысқандарына, дос-жарандарына деген бауырмалдыққа, халқының әдеп-ғұрпын, салт –дәстүрін қастерлеуге, халқымыздың ғасырлар бойы сақтап келген бай мұрасын балаларға жеткізе білу жауапкершілікті талап етеді.

2.6. БАЛА ТІЛІН ДАМУДА ЖАҢЫЛТПАШТЫҢ ТӘРБИЕЛІК РОЛІ

Халық ауыз әдебиетінің бір саласы- жаңылтпаштар.

Халықтық шығармалар ішінде баланы дұрыс та айқын сөйлеуге үйрететін тілін дамытатын жанр бар. Ол жаңылтпаш жеке сөздер мен дыбыстар, айтылуы қиын кейбір сөздерді дұрыс сөйлетуге үйрету. Мұнда оқыту арқылы ғана емес, баланы талғамы күшті қызық та көркем сөзге әуестендіру, еліктіру қорыта айтқанда жаңылтпаш дыбыстарды үйрету кезінде таптырмайтын методикалық әдіске үлесі мол жанр.

Сабақтан тыс уақыттарда тіл ұстарту, сөздің дыбысталуын нақышына келтіре дұрыс, тез, шебер айта білуге жаттықтыру, сөздің мағынасын түсіне білу мақсатымен пайдаланылады.

1.Балалардың сөз байлығын, сөздік қорын байытады.

2.Қоғамдық мәні бар.

3.Тәрбиелік ролі зор.

2.7. ЖҰМБАҚТАР

Жұмбақ - ауыз әдебиетінің ертеден келе жатқан түрі. Ол-бір нәрсенің белгілерін екінші нәрсенің белгілері арқылы жұмбақтап айту өнері. Жұмбақ мақал-мәтел сияқты тапқытап, ұйқастырылып айтылады. Жұмбақтар өте ертеден келе жатқанмен, әр уақытта халық оның жаңа түрлерін ойлап шығарып отырған. М. Әуезов : « Жұмбақ –адамның дүниетану жолындағы ойының , қиялының шамасын білдіреді»,-деген.

Балалардың логикасын дамытуда жұмбақтар үлкен орын алады.

Шешімін айту балалардың ақыл-есін дамытады, ойын шынықтырады,зейін ықыласын арттырады. Жұмбақтар құпиясы баланы қызықтырып шешімін айтқызуға мәжбүр етеді. С. Сейфулин: жұмбақ айтысу жастардың, балалардың жас басынан өз әлінше зейіндерін тапқыштыққа үйретіп мезейтін, тәрбиелейтін тілін шеберлейтін, сөзді үйлестіріп, ұйқастырып арттыруға сабақ тәрізді болған.

2.8. ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫ

Ата дәстүрін ардақтау – қазақтың халық педагогикасының ұлттық ұжданы. Егер жеті атасына дейін ата тегін, тарихын білмейтін ұрпақ болса, оны « жеті атасын білмеген жетесіз» деп халық кінәлайды, айыптайды, жазғырады, жазалайды.

«Атадан бала тусайшы, ата жолын қусайшы» деп, халық атадан балаға мұра болып келе жатқан жақсы қасиеттерді келесі ұрпақтың бойына сіңіріп, ізгілікке тәрбиелейді. « Шыншыл, әділетті, иманды болу сонау арғы ата – бабамыздан бері қалыптасып келе жатқан дәстүріміз» дейді де, халық сол игі дәстүрді бұзған ұрпаққа айып тартқызады. «Ат тұяғын тай басар» деп кейінгі ұрпақтың ата салтын бұзбауын талап етеді. Әулеттік тағлымдар ата дәстүріне айналып, санаға сіңіп, салтқа биіктейді.

Ата дәстүрі бойынша ең әуелі әкені, содан соң атаны, ата-бабаны құрметтеп, солардың алдында ұрпақтық борыштарды өтеу – кейінгі ұрпақтың міндеті. Ол ұрпақтық борыштар: ананың ақ сүтін, еңбегін өтеу, ата дәстүрлерін құрметтеп, одан әрі ол дәстүрлерді жалғастыру, адамгершілік қағидаларды қалтқысыз орындау болып табылады. «Бір бала бар жасық туады, бір бала бар әкесінен асып

туады» деп, халық «жасық» туған баланы тәрбиелеп қатарға қосады., «асып туған» баланың іс-әрекетін қуаттап, оны уағыздайды.

Ата дәстүрі бойынша әрбір ұрпақ, ең азы жетінші ата-бабасына дейін аталарының аты-жөнін, олардың жақсы қасиеттерін, өсиет-өнегелерін өзіне үлгі-өнеге тұтуға тиіс.

Ата тегін ардақтау дәстүрі, көбінесе, отбасында сөз болып, ата-ана балаларын ата-ананы, ата-бабаны сыйлауға тәрбиелейді.

Бата, тілек – Адам баласына жақсылық ойлау, оған тілек айту қазақ халқының дінге байланыссыз, алғашқы қауымнан қалыптасқан дәстүрі. Кейіннен келе тілек айту сол тілекке жету «Күдіретке байланысты» деген сеніммен бата қалыптасты да оған діни сөздер тірек болды. Шын мәнінде тілек дегеніміз – бата, бата дегеніміз – тілек «Үйің құтты болсын», «сапарың оң болсын», «жақсы жатып жайлы тұрыңыз» деген тілектер, қысқа баталық өздер. Халық дәстүрінде батаны жасы үлкен Адам немесе қария беру керек. Бата, тілек жастарды бірлікке, әділеттікке, адамгершілікке тәрбиелейді. Бата ризашылық ниеттің көрінісі ретінде де айтылады. Сондықтан бата, тілектің де тәрбиелік мәнін пайдалана білу керек.

Әдеп сақтау (этикалық қалып) – қазақ халқының тарихи қалыптасқан қоғамдық саласының практикалық көрінісі, әлеуметтік тәртіптің, борыш пен міндеттің заңды айғағы. Халық өмірлік практикада ешбір тиым салусыз-ақ өз қалауынан адамгершілік, мақсат-мүддеге сәйкес әдептілікті, әдеп сақтау жүйесін қалыптастырған. Әрине, «Туына қарай аңы, заманына қарай заңы»,

